

Қазақстан Республикасының Кеден комитетіне қызметтік жеңіл автомобильдер лимитін көбейту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 27 желтоқсан N 1654.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.05. N 786 қаулысымен. ~P970786

Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Кеден қызметін басқарудың бірлігі туралы келісімдерді жүзеге асыру жөніндегі бірінші кезектегі шаралар жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Кеден комитеті жанындағы Ресей Федерациясының Мемлекеттік Кеден комитеті өкілдігінің қызметкерлеріне шарт негізінде ақылы қызмет көрсету үшін Қазақстан Республикасының Кеден комитетіне "Қазақстан Республикасы Кеден комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 желтоқсандағы N 1551 P961551_ қаулысымен белгіленген қызметтік жеңіл автомобильдер лимиті 4 автомобильге көбейтілсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары